

Ақтөбе қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 3260 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақтөбе қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары М.Қабылға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

И.Испанов

Ақтөбе қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 22 тамыздағы
№ 3260 қаулысына қосымша

Қала әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 968 "Ақтөбе қаласы белгіленген санаттағы тұлғалары үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-1-132 тіркелген, 2010 жылғы 6 мамырда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған);

2. Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 966 "Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 968 "Ақтөбе қаласы мүгедектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-1-155 тіркелген, 2011 жылғы 31 мамырдағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған);

3. Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 2166 "Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 968 "Ақтөбе қаласы белгіленген санаттағы тұлғалары үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-1-174 тіркелген, 2012 жылғы 16 тамыздағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған);

4. Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 1557 "Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4330 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 мамырда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған);

5. Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 4899 "2016 жылға Ақтөбе қаласы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4673 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 қаңтарда "Ақтөбе" және 2016 жылғы 15 қаңтарда "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).